

## Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес шикілей қақталған ет өнімін сыныптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № 165 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 22-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Құрамында ас тұзы өнімнің барлық бөліктерінде 1,2 салм.% және одан көп, еттегі су-ақуыздың арақатынасы 2,8 немесе одан аз болатын (ақуыз = азоттың болуы  $x$  6,25), ас тұзын және басқа да тұздағыш ингредиенттерді (қантты, нитраттарды, нитриттарды, натрий аскорбаттарын) пайдаланып тұздау, тамақта тікелей пайдалану үшін дайын болғанға дейін кептіру және пісіру (ферменттеу) арқылы, татымдықтарды (дәмдеуіштерді) пайдаланусыз немесе дайындау процесінен (тұздағаннан, кептіргеннен, пісіргеннен (ферменттегеннен) кейін) татымдықтар (дәмдеуіштер) жағып шошқа ұшасының сан етінен дайындалған шикілей қақталған ет өнімі сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына Тұсіндірмелердің 1-негізгі қағидасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 0210 тауар позициясында сыныпталады.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң қүшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

M. Мясникович